	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 бетін 1 беті

## **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ-НІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ базасында Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ жұмыс жоспарын ҚазҰМУ ректоры 2018 жылғы 19 желтоқсанда бекітті. 2019 жылғы қаңтар-маусым аралығында ОӘБ 5 отырыс өткізді. ҚР БҒМ РОӘК-нің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын сұрауына байланысты қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында жоспарланған іс-шаралар ОӘБ-нің 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына ауыстырылды.

Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрамы жаңа редакцияда ЖОО-лардың заңды мәртебесі мен құрылымының өзгеруіне байланысты 2019 жылғы 19 маусымдағы № 5 хаттамалық шешімімен бекітілген.

### **2019 жылғы 4 қаңтарда ОӘБ отырысында шешім қабылдаумен келесі мәселелер талқыланды:**

1-сұрақ.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын талқылау, баяндамашы – Денсаулық сақтау министрі кеңесшінің м.а. Сыдыкова С.И.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ төрағасы Нұрғожин Т.С. – құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар алдын ала жолданды. Мәселені талқылауға көшуді ұсынамын. Талқылауға барлық жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Талқылауда әр ұйымның пікірі тыңдалды, сұрақтарға жауап берді - Денсаулық сақтау министрі кеңесшінің м.а. Сыдыкова С.И.


**ШЕШІМ:**

2019-2024 жылдарға арналған Денсаулық сақтаудағы адами капиталды дамыту стратегиясының жобасын Бизнес кеңестің талқылауына шығару, жауапты – Денсаулық сақтау министрі кеңесшінің м.а. Сыдыкова С.И., орындау мерзімі 2019 жылғы 25 қаңтар.

2-сұрақ.

«Медициналық білім беруді жаңғырту» жобасы бойынша 2019 жылға арналған өзектендірілген жол картасының жобасын талқылау, баяндамашы – ДСДРО адами ресурстар мен ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

#### ТЫҢДАЛДЫ:

ОӘБ төрағасы Нұрғожин Т.С. – құрметті әріптестер, бұл мәселе бойынша материалдар алдын ала жіберілді. Бірден талқылауға көшуді ұсынамын, әр ұйымның пікірін тыңдаймыз, сұрақтарға жауап береді - ДСДРО адами ресурстар мен ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В.

#### ШЕШІМ:

ЖОО-лар 2019 жылғы 9 қаңтарға дейін «Медициналық білім беруді жаңғырту» жобасына жол картасы бойынша ДСДРО адами ресурстарды және ғылымды дамыту орталығының басшысы В.В. Койковқа ұсыныстар берсін.

#### 3-сұрақ.

Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстары бойынша НҚА жобаларын талқылау, баяндамашылар – Денсаулық сақтау министрі кеңесшінің м.а. Сыдыкова С.И., ДСДРО адами ресурстар мен ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

ОӘБ төрағасы Нұрғожин Т.С. – құрметті әріптестер, барлық материалдар алдын ала жолданды. Ағымдағы жылдың 19 желтоқсанда ОӘБ отырысында АМУ базасында ЖОО–ларға 27 желтоқсанға дейін ұсыныстар енгізу туралы шешім қабылданды, НҚА жобалары бойынша талқылау қорытындысын шығарады:

- Денсаулық сақтау министрі кеңесшінің м.а. Сыдыкова Сауле Ильясовна (Түлектерді бөлу туралы ереже, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары);
- ДСДРО адами ресурстар мен ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков Виталий Викторович («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі).

#### ШЕШІМ:

3.1 Түлектерді бөлу туралы ереженің жобасын мақұлдау.

3.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына толықтырулар мен өзгерістер мақұлданды.

3.3 ЖОО-лар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР жаңа Кодексінің жобасына ДСДРО адами ресурстарды және ғылымды дамыту орталығының басшысы В.В. Койковқа 2019 жылғы 9 қаңтарға дейін ұсыныстар берсін.

**2019 жылғы 6 қаңтарда ОӘБ отырысында шешім қабылдаумен келесі мәселелер талқыланды:**

#### 1-сұрақ.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде





«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Денсаулық сақтау – дайындау бағыты  
бойынша ОӘБ

Есеп

Редакция: 1

19 беттің 3 беті

медицина кадрларын даярлаудың интеграцияланған моделіне көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Денсаулық сақтау министрінің кеңесшісі Сыдыкова С.И. жоспарды баяндады (презентация қоса беріледі).

**ШЕШІМ:**

1.1 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде медицина кадрларын даярлаудың интеграцияланған моделіне көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданды.

1.2 ЖОО–ларға мынадай жобаларды әзірлеуді және келісуді бекіту: АМУ – білім деңгейі бойынша МЖМБС, Мейірбике ісі мамандығы бойынша міндетті компоненттің ҮОЖ және ҮОБ жобалары; ҚазҰМУ– Педиатрия мамандығының міндетті компонентінің ҮОЖ және ҮОБ жобалары; ҚММУ – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының міндетті компонентінің ҮОЖ және ҮОБ жобалары; Семей қ. ММУ – Медицина мамандығының міндетті компонентінің ҮОЖ және ҮОБ жобалары; ОҚМА – Фармация мамандығының міндетті компонентінің ҮОЖ және ҮОБ жобалары; БҚММУ - Стоматология мамандығының міндетті компонентінің ҮОЖ және ҮОБ жобалары. Жауаптылар - ЖОО ректорлары, орындау мерзімі 1 наурыз.

1.3 Жоғары оқу орындарына балалардың онкогематологтары мен МСАК дәрігерлерін (ЖТД және учаскелік педиатрлар) балалардағы онкогематологиялық сақтану мәселелері бойынша оқыту бағдарламаларын әзірлеуді және келісуді бекіту. Жауаптылар - ЖОО ректорлары, орындау мерзімі а. ж. 25 ақпан

1.4 ҚазҰМУ ОӘБ қарауына ұсынылатын бағдарламаларға техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастырсын, жауапты - ОӘБ атқарушы директоры, орындау мерзімі а. ж. 25 ақпан.

2-сұрақ.

2019 жылы түлектерді бөлу тәртібі туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**


ДСДРО менеджмент орталығының басшысы Идрисова С.С. 2019 жылы түлектерді жоспарлы бөлу рәсімі және платформадағы пилот туралы ақпарат ұсынды [enbek.kz](http://enbek.kz).

**ШЕШІМ:**

2.1 ОӘБ мүшелерінің ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, жас мамандарды және (немесе) философия докторларын (PhD) жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия туралы ереженің жобасын бекітуге ұсыну.

2.2 ЖОО-лар [enbek.kz](http://enbek.kz) платформада пилотты өткізуге жәрдем көрсетсін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

3-сұрақ.

Талапкерлер үшін арнайы емтихан ұйымдастыру

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҰТЕО білім бөлімінің басшысы Асан О.М. талапкерлер үшін арнайы емтиханды ұйымдастыру туралы ақпаратты ұсынды. Талқылауға барлық жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Тұтастай алғанда, талқылау университеттік автономияны іске асыру шеңберінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне, Білім және ғылым министрлігіне талапкерлер үшін медициналық ЖОО-ларға өз бетінше арнайы емтихан өткізу туралы өтініш беру ұсынысына ұласты.

**ШЕШІМ:**

3. ОӘБ талапкерлер үшін арнайы емтиханды өз бетінше өткізу туралы Денсаулық сақтау министрлігіне, ҚР Білім және ғылым министрлігіне хат жолдасын, жауапты ОӘБ атқарушы директоры Алтынбеков С.А., орындау мерзімі а.ж. 15 ақпанға дейін.

4-сұрақ.

Жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау бағдарламалары (резидентура, докторантура) бойынша қабылдау үшін алдын ала іріктеуді ұйымдастыру.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Риклефс В.П. медициналық жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бағдарламалары (резидентура, магистратура, докторантура) бойынша қабылдау үшін алдын ала іріктеуді ұйымдастыру туралы ақпаратты ұсынды.

**ШЕШІМ:**

4.1 ЖОО-ның алдын ала іріктеу туралы ақпараты назарға алынсын.

4.2 ЖОО-ларға - алдын ала іріктеу өткізу рәсімдерін бекітсін және жарияласын, жауапты - ЖОО ректорлары, орындалу мерзімі а.ж. 1 наурыз.

4.3 Білім және ғылым ұйымдары 2019 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау бағдарламалары (резидентура, магистратура, докторантура) бойынша қабылдау кезінде алдын ала іріктеу нәтижелерін өзара мойындасын.


5-сұрақ.

МСАК мамандары мен жаттықтырушыларға арналған ауруларды басқару бағдарламалары (АББ) бойынша семинарлар бағдарламаларын талқылау

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Семинар бағдарламаларын әзірлеуші Исина А.М. оқытудың мақсаты, міндеттері, соңғы нәтижелері туралы баяндады. Бағдарламалар сарапшылармен келісілді (Benjamin Chan, халықаралық консультант, Оттава (Канада), Connie Davis, халықаралық консультант, Оттава (Канада), пилоттық жоба өткізілген Павлодар облысынан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан пікірлер алынды. Исина А.М. қатысушылардың сұрақтарына



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 5 беті

жауап берді. Талқылауға Директорлар кеңесінің төрағасы, м.ғ.д., профессор Рахыпбеков Т.К., ҰМУ АҚ дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы, м.ғ.д., профессор Куракбаев К. К., ДСДРО бас директорының орынбасары Искакова А.К., терапевтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., профессор Беделбаева Г.Г. қатысты.

**ШЕШІМ:**

5.1. МСАК мамандары үшін «Созылмалы инфекциялық емес ауруларды басқару бағдарламасын енгізу» семинарының бағдарламасы мақұлданып, 54 сағат.

5.2. АББ бойынша сертификатталған МСАК мамандарына арналған «Созылмалы инфекциялық емес ауруларды басқару бағдарламасы» семинарының бағдарламасы 54 сағат бойы мақұлданып.

6-сұрақ. Жол карталарын талқылау (МБҒЖ, АРСБ, МП).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО адами ресурстарды және ғылымды дамыту орталығының басшысы жоғары оқу орындарының ұсыныстарын ескере отырып, Біріккен жол картасын ұсынды.

**ШЕШІМ:**

6.1. РОӘК ОӘБ мүшелерінің ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі Жол картасын («Адами ресурстарды стратегиялық басқару», «Медициналық білім мен ғылымды жаңғырту» жобалары бойынша жол карталарын біріктіру шеңберінде және мейірбике қызметін дамытудың Кешенді жоспары шеңберінде) мақұлдау

7-сұрақ.

Өртүрлі.

7.1 Erasmus+ жобасын іске асыру шеңберінде ұсынылған университеттік автономияның тиімділігін арттыру үшін білім беру жүйесін реформалау үдерісі бойынша Еуропалық Университеттер Қауымдастығының (European University Association) ұсынымдары «Қазақстандағы университеттік автономияға көшу» /TRUNAK жоғары білім беру әлеуетін арттыру.


**ТЫҢДАЛДЫ:**

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Риклефс В.П. ЕАУ есебінің негізгі нәтижелерін баяндады

**ШЕШІМ:**

Университет дербестігінің тиімділігін арттыру бойынша Еуропалық Университеттер Қауымдастығының ұсынымдарын қарау және ҚР ДСМ-ге қорыту және ұсыну үшін «ҚМУ» КЕАҚ-та «Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексіне» медициналық ЖОО-лардың академиялық еркіндігін кеңейту туралы ережелерді 15.02.2019 ж. дейін енгізу бойынша ұсыныстар беру.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

7.2 ОӘБ қызметін қамтамасыз ету.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ атқарушы директоры Алтынбеков С.А. ОӘБ өкілеттіктерін кеңейту туралы, оның ішінде қарауға ұсынылатын бағдарламаларға техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру бөлігінде туралы баяндады.

**ШЕШІМ:**

РОӘК ОӘБ жұмысын қаржылық қамтамасыз ету туралы мәселені шешу үшін жоғары оқу орындары арасындағы жұмыс тобын құру.

7.3 Оқу құралдарын бекіту.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. оқу құралдарының бекітілуіне шығарылатынын, ғылыми-медициналық сараптаманың оң қорытындылары мен терминологиялық комиссияның қорытындысы бар екенін баяндады.

1) «Іш қуысының анатомиясы және хирургиялық операция әдістері», Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, авторы Алибеков А.Е.

2) «Балалардың жасына қарай аурушандық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру» Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, авторы Булешов М.А., Туктибаева С.А., Омарова Б.Ә., Булешова А.М.

**ШЕШІМ:**

Оқу құралдарын бекіту:

1) «Іш қуысының анатомиясы және хирургиялық операция әдістері», Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, авторы Алибеков А.Е.

2) «Балалардың жасына қарай аурушандық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру» Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, авторы Булешов М.А., Туктибаева С.А., Омарова Б.Ә., Булешова А.М.

**2019 жылғы 19 наурызда ОӘБ отырысында шешім қабылдаумен келесі мәселелер талқыланды:**


1-сұрақ.

«Мықты мәдениет және тартылған қызметкерлер – ұйым табысының кепілі» презентациясы

**ТЫҢДАЛДЫ:**

PRO2 компаниясының бас директоры Аслан Айымбетов ұйымның көңіл-күйі мен пульсін, атап айтқанда қызметкерлердің өмірлік циклын, олардың тартылуын, эмоционалдық жай-күйін, көңіл-күйін, сондай-ақ компанияның бизнес-процестерін нақты уақыт режимінде өлшеуге мүмкіндік беретін кері



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 7 беті

байланыс платформасы туралы презентацияны ұсынды. Презентация қоса беріледі.

**ШЕШІМ:**

Кері байланыс платформасы туралы ақпаратты назарға алу.

2-сұрақ.

001-103 бюджеттік бағдарлама шеңберінде «Суицидтік мінез-құлық бойынша тәуекел топтарын анықтау мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін талдау» тақырыбы бойынша талдамалық зерттеу жобасы. Іске асыру мерзімі – 2020 жыл.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҒАРД директордың м.а. Сыдыкова С.И. министрдің хаттамалық тапсырмасы туралы хабардар етті.

**ШЕШІМ:**

Жоғары оқу орындарына Республикалық психикалық денсаулық орталығына талдамалық зерттеу жобасы бойынша ұсыныстар ұсынылсын, жауапты - ректорлар. Орындау мерзімі 2019 ж. 1 сәуірге дейін.

3-сұрақ.

Балалар мен ересектер психиатриясын резидентурада біріктіру.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Республикалық психикалық денсаулық орталығының бас директоры Негай Н.А. ересектер мен балалар психиатриясын біріктіру, жұмыс істеп жатқан кадрларды оқыту туралы ұсыныстар жасады, ОӘБ мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.


**ШЕШІМ:**

Балалар мен ересектер психиатриясын біріктіру және "интернатура мен резидентурада даярлаудың клиникалық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы" ҚР ДСМ 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Денсаулық сақтау министрлігіне өтініш жасау, жауапты ОӘБ атқарушы директоры Алтынбеков С.А., орындау мерзімі 2019 ж. 26 наурыз.

4-сұрақ.

«Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2009 жылғы 26 қарашадағы №774, «Интернатура мен резидентурада даярлаудың клиникалық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 бұйрықтарына, «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ДСӘДМ м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі №647 бұйрығына, «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ереже және оларға қойылатын талаптар» бұйрығының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҒАРД директордың м.а. Сыдыкова С.И. толықтырулар мен өзгерістер туралы ақпарат берді.

**ШЕШІМ:**

4.1 «Интернатура мен резидентурада даярлаудың клиникалық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: интернатура тізбесінен терапия, хирургия, акушерия және гинекология бағыттары алынып тасталсын; резидентура тізбесіне отбасылық медицина, терапия, неврология, оның ішінде балалар, терапиялық стоматология, хирургиялық стоматология, ортопедиялық стоматология, балалар стоматологиясы, ортодонтия мамандықтары енгізілсін..

4.2 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ДСӘДМ м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі №647 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды.

4.3 ЖОО-лар «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ереже және оларға қойылатын талаптар» бұйрығының жобасы бойынша ұсыныстарды а.ж. 1 сәуіріне дейін ҒАРД ұсынсын.

5-сұрақ.

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектің құзыреттілік каталогы жобасының презентациясы

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Семей қ. ММУ оқу - әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жанаспаев М.А. «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектің құзыреттілік каталогының жобасын таныстырды.

**ШЕШІМ:**

«Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектің құзыреттілік каталогының жобасы мақұлданды.

6-сұрақ.

2018-2019 оқу жылына интернатура және резидентура түлектерін тәуелсіз бағалауға дайындықты талқылау.


**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҰТЕО білім бөлімінің басшысы Асан О.М. 2018-2019 оқу жылына интернатура және резидентура түлектерін тәуелсіз бағалауға дайындық барысы туралы ақпарат берді.

**ШЕШІМ:**

6.1. ҰТЕО 2018-2019 оқу жылына интернатура және резидентура түлектеріне тәуелсіз бағалау жүргізу үшін тест тапсырмаларының спецификацияларын 2019 жылдың 1 сәуіріне дейін келісу.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 бетін 9 беті

6.2. 2018-2019 оқу жылына интернатура түлектерінің практикалық емтиханын өткізу үшін ОҚКЕ станциясын 2019 жылдың 1 сәуіріне дейін келісу.

6.3 ОӘБ отырысында 2018-2019 оқу жылына арналған тест тапсырмаларының спецификациялары және ОҚКЕ станциясы бекітілсін, орындау мерзімі 2019 ж. сәуір.

6.4 2018-2019 оқу жылына интернатура және резидентура түлектерін қорытынды аттестаттаудың мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамына ҰТЕО өкілдерін енгізу.

7-сұрақ.

Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) түлектерді дербес бөлу

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО обсерваториясының жетекшісі Демушкан О.Ю. enbek.kz платформасында түлектердің жеке бөлінуі бойынша пилоттық жобаның барысы туралы ақпарат берді.

**ШЕШІМ:**

Жоғары оқу орындарына түлектерді электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) жұмысқа орналасу мүмкіндігін беру туралы хабардар ету, жауапты - ректорлар, орындау мерзімі 2019 жылғы 1 сәуірге дейін.

8-сұрақ.

Оқулықты бекіту: «Адам анатомиясы», авторы Ү. Жумабаев, Э.Жумабаев, ұйым – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. бекітуге оқулық шығарылатынын баяндады: «Адам анатомиясы», авторы Ү. Жумабаев, Э. Жумабаев, ұйым – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, ғылыми-медициналық сараптаманың оң қорытындылары және терминологиялық комиссияның қорытындысы бар.

**ШЕШІМ:**

Оқулықты мақұлдау және басып шығаруға ұсыну: «Адам анатомиясы», авторы Ү. Жумабаев, Э.Жумабаев, ұйым – С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ.

9-сұрақ.

2019 жылы магистратураға қабылдау үшін кешенді тестілеудің спецификацияларын бекіту.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҒАДР директорының м.а. Сыдыкова С.И. 2019 жылы магистратураға қабылдау үшін кешенді тестілеу спецификацияларын ұсынды.

**ШЕШІМ:**

2019 жылы магистратураға қабылдау үшін кешенді тестілеудің спецификациялары мақұлданын.





10-сұрақ.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының 101 денсаулық сақтау бағыты бойынша оқытудың түйінді нәтижелерін талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ әдіскері Г.Б. Мұқашева ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің 06.07.2019 жылғы №14-4/325 сұранысы негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының 101 денсаулық сақтау бағыты бойынша оқытудың негізгі нәтижелерінің біріздендірілген нұсқасын ұсыну туралы оқытудың негізгі нәтижелері 6B10, 7m10, 7r10, 8d10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) 4 деңгейі бойынша әзірленгенін, сондай-ақ ОӘБ мүшелерімен талқыланып, келісілгенін баяндады.

**ШЕШІМ:**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының 101 денсаулық сақтау бағыты бойынша оқытудың түйінді нәтижелері мақұлданды.

**2019 жылғы 6 мамырда ОӘБ отырысында шешім қабылдаумен келесі мәселелер талқыланды:**

1-сұрақ.

2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 шеңберінде дәрігерлер мен мейірбикелердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету.

**ТЫҢДАЛДЫ:**


«Астана медицина университеті» КЕАҚ ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректор м.а. Ахметов Е.А. презентацияны ұсынды (қоса беріледі). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ өкілдері қатысты.

**ШЕШІМ:**

1.1 ЖОО-лар «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлесін, оларға сараптама, рецензия жүргізсін, Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ-де талқылап, бекітсін, орындау мерзімі – а.ж. 1 маусымына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

1.2 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын Білім және ғылым ұйымдарының, денсаулық сақтау – даярлау бағыты бойынша ОӘБ сайттарында орналастыру.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

2-сұрақ.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап аймақтардағы интерндер мен резиденттердің тағылымдамасын талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ЖОО өкілдері өңірлерде тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын айтты («ҰМУ» АҚ интернатура және резидентура факультетінің деканы Жанкалова З.М., «ҚМУ» КЕАҚ клиникалық жұмыс жөніндегі проректоры Кошерова Б.Н., «АМУ» КЕАҚ ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректордың м.а. Ахметов Е.А., «СМУ» КЕАҚ дипломнан кейінгі және қосымша білім беру деканы Танатарова Г.Н., «БҚМУ» КЕАҚ интернатура және резидентура деканы Нұрғалиева Р.Е., «ОҚМА» АҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Садиева Ж.З., «ҚРМУ» ҰҚУ академиялық қызмет жөніндегі проректор Садыкова Ш.С., ХҚТУ дипломнан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы Сариева А.А., «ҚазМУББУ» АҚ академиялық қызмет және жастар ісі жөніндегі проректор Досқожаева С.Т.).

ДСДРО адами ресурстарды және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ереже және оларға қойылатын талаптар» презентациясын ұсынды (қоса беріліп отыр).

**ШЕШІМ:**


2.1 ЖОО-лардың ұсыныстары бойынша «Интернатурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын және резидентурада медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-16 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, орындау мерзімі – а.ж. 1 қыркүйегіне дейін, жауапты – ҚР ДСМ ҒАРД.

2.2 «Медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 628 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданын.

2.3 «Медициналық және фармацевтикалық білім берудің МЖМБС және үлгілік кәсіптік бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР ДСӘДМ 2015 жылғы 31 шілдедегі №647 бұйрығына 2 жылдық білім беру бағдарламалары үшін 140 кредит, 3 жылдық білім беру бағдарламалары үшін 210, резидентураның 4 жылдық білім беру бағдарламалары үшін 280 кредит өзгерістер мен толықтырулар енгізу, орындау мерзімі - а.ж. 1 қыркүйегіне дейін, жауапты – ҚР ДСМ ҒАРД.

3-сұрақ.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 12 беті

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінің қорытындысы бойынша хаттамалық тапсырманы талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО адами ресурстарды дамыту және ғылым орталығының басшысы Койков В.В. ҚР Тұңғыш Президенті Назарбаевтың Н.Ә. қатысуымен Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінің қорытындысы бойынша ҚР ДСМ бақылауына бекітілген тапсырмаларды ұсынды.

**ШЕШІМ:**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Назарбаевтың Н.Ә. қатысуымен Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінің қорытындысы бойынша берілген Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыруды қолдау.

4-сұрақ.

Стратегиялық әріптестік шеңберінде жобалық офистер ашу туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҒАРД директорының м.а. Сыдыкова С.И. стратегиялық серіктестік шеңберінде жобалық кеңселердің ашылуы туралы ақпаратты ұсынды.

**ШЕШІМ:**

4.1 ЖОО-ларға стратегиялық әріптестік шеңберінде жобаларды басқару бойынша кеңсе құру немесе жобалық кеңсе функцияларын қолданыстағы құрылымдық бөлімшеге беру, орындау мерзімі – а.ж. 1 маусымына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

4.2 Жобаларды басқару кеңселерінің жұмыс жоспарын әзірлеу.

4.3 Жауапты лауазымды тұлға және кеңсе қызметкерлері туралы ақпаратты: аты-жөнін, лауазымын, жұмыс және ұялы телефондарын, электрондық почталарын көрсете отырып– ҒАРД директорының м.а. Сыдыкова С.И. электрондық почтасына: [s.sydykova@mz.gov.kz](mailto:s.sydykova@mz.gov.kz), 2019 жылдың 1 маусымына дейін жіберу.

4.4 Университеттер арасындағы кеңселерді үйлестіру бойынша ұсыныстар беру.

5-сұрақ.

Оқулықтар мен оқу құралдарын бекіту.

**ТЫҢДАЛДЫ:**


ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. оқулықтар бекітуге шығарылатынын баяндады:

1) «Медицинская генетика», авторы С.А. Ермекова, ұйым – «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰҚУ;

2) «Urology», авторы Н.Т. Джайнакбаев, ұйым – «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰҚУ.

Оқулықтарда ғылыми-медициналық сараптама мен терминологиялық



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

комиссияның оң қорытындылары бар.

**ШЕШІМ:**

Оқулықтарды мақұлдау және басып шығаруға ұсыну:

1) «Медицинская генетика» «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰҚУ, авторы С.А. Ермакова.

2) «Urology» «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ҰҚУ, авторы Н.Т. Джайнакбаев (ағылшын тіліндегі оқулық).

6-сұрақ.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің «2025 жылға дейінгі денсаулық сақтаудағы адами капиталды дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» бұйрығының жобасын және 2020-2025 жылдарға арналған Денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ҚР ДСМ ҒАРД директорының м.а. Сыдыкова С.И. ҚР Денсаулық сақтау министрінің «2025 жылға дейінгі денсаулық сақтаудағы адами капиталды дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» бұйрығының жобасын ұсынды (презентация қоса беріледі). ДСДРО бас директоры Айыпханова А.Т. денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын ұсынды (презентация қоса беріледі). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ өкілдері қатысты.

**ШЕШІМ:**

6.1 ҚР Денсаулық сақтау министрі бұйрығының «2025 жылға дейінгі денсаулық сақтаудағы адами капиталды дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» жобасы мақұлданып және одан әрі бекітуге ұсынылсын.

6.2 Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы мақұлданып және одан әрі бекітуге ұсынылсын.


7-сұрақ.

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеу пәндерінің тізбесін бекіту.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«ҰМУ» АҚ магистратура және докторантура бөлімінің басшысы Иванченко Н.Н. 2019-2020 оқу жылына арналған ҚР БҒМ Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енген «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілерге арналған кешенді тестілеудің бейіндік пәндерінің тізбесін ұсынды.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 14 беті

### ШЕШІМ:

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеудің бейіндік пәндерінің тізбесін бекіту:

№ /п	Білім беру бағдарламасы	Бейіндік пәндер	
		1 Бейіндік пән	2 Бейіндік пән
1.	Денсаулық сақтаудағы менеджмент	Экономикалық теория негіздері	Менеджмент негіздері
2.	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биостатистика	Қоғамдық денсаулық сақтау
3.	Мейірбике ісі	Мейірбике ісінің негіздері	Мейірбике ісіндегі менеджмент
4.	Фармация	Фармацияны басқару мен экономикасы және дәрілер технологиясы	Фармацевтикалық химия және фармакогнозия
5.	Биомедицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
6.	Медицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
7.	Медициналық-профилактикалық іс	Гигиена және эпидемиология	Биостатистика

### 8-сұрақ.


2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясы» жобасын іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің түйінді көрсеткіштері.

### ТЫҢДАЛДЫ:

«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректоры Турмухамбетова А.А. презентация ұсынды (қоса беріледі).

ҚР ДСМ ҒАРД директорының м.а. Сыдыкова С.И. талқылауға ұсыныс енгізді: университеттердің коммерциялық емес акционерлік қоғам мәртебесін алуына, жоғары оқу орындарының ШЖҚ РМК мәртебесін жоғалтуына байланысты, сондай-ақ 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III білім туралы Заңның 43-1-бабының 7-тармағына сәйкес, 04.07.2018 № 171-VI өзгерістерімен, оған сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының құзыретіне жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының құрылымы мен оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы №590 бұйрығына сәйкес әзірленетін даму бағдарламасы. Ұсыныс бірауыздан қабылданды.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 15 беті

**ШЕШІМ:**

8.1 ЖОО–лардың 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясы» жобасын іске асыру жөніндегі Жол картасына түйінді индикаторлар бойынша ұсыныстар енгізу, орындалу мерзімі – ағымдағы жылғы 25 маусым, жауапты - ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В.

8.2 Медициналық университеттердің стратегиялық даму жоспарын сипаттайтын құжат ретінде «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасының құрылымы мен оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығына сәйкес әзірленетін даму бағдарламасы айқындалсын.

**2019 жылғы 19 маусымда ОӘБ отырысында шешім қабылдаумен келесі мәселелер талқыланды:**

1-сұрақ.

ГРА-ны Денсаулық сақтау мамандарын даярлау сапасының құралы ретінде талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Ұлттық Медицина Университеті» АҚ академиялық қызмет жөніндегі проректоры Байльдинова К.Ж. презентация ұсынды (қоса беріледі). Талқылауға «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ өкілдері қатысты.

**ШЕШІМ:**

1.1 ЖОО-лар ақпаратты назарға алсын және игерілген пререквизиттерді ескере отырып, бағалаудың нақты критерийлері мен білім беру траекториясын еркін таңдауды көздейтін кредиттік оқыту технологиясының қағидастарын толық іске асыруды қамтамасыз етсін, орындалу мерзімі – а.ж. 1 қыркүйек, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

1.2 Медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша дайындық сапасын арттыру мақсатында студенттер мен интерндер үшін үлгерімнің шекті ауысу балын (GRA – Grade Point Average (Грейд Пойнт Эверейдж)) 2,67-ден төмен емес бекітуге ұсыну, орындау мерзімі - а.ж. 1 қыркүйегіне дейін, жауапты - ҚР ДСМ ҒАРД.


2-сұрақ.

2019 жылғы Медициналық білім беру және ғылым ұйымдарының түлектерін бөлудің алдын ала нәтижелері.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жамалиева Л.М. презентация ұсынды (қоса беріледі). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ өкілдері қатысты.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 16 беті

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңының жұмысқа орналастыруды реттейтін нормаларына келесі толықтырулар мен өзгерістер талқылауға шығарылды:

«47 бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

17. Осы Заңның 26-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген квота шегінде медициналық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы азаматтар ауылдық жерде орналасқан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде **ауыл халқына медициналық көмек көрсететін мемлекеттік медициналық ұйымдарда және жеке медициналық ұйымдарда техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі**, жоғары медициналық білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде медициналық мамандықтарға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, **тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсететін жеке меншік медициналық ұйымдарда, орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде, бөлімдері мен мекемелерінде, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және олардың мемлекет 100% қатысатын еншілес ұйымдарында жұмыспен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдарын және ғылыми медициналық ұйымдарды бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мемлекет 100% қатысатын ғылыми ұйымдарда жұмыспен өтеуге міндетті.»**

**ШЕШІМ:**

ҚР ДСМ ҒАРД түлектерді жұмысқа орналастыруды реттейтін «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңының нормаларына толықтырулар мен өзгерістер бойынша ұсыныстар енгізсін, орындау мерзімі – 2020 жылғы қаңтарға дейін.


3-сұрақ.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша-2019 қабылдауға дайындық туралы.

**ТЫНДАЛДЫ:**

«Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» АҚ резидентура департаментінің директоры Андасова Ж.М. презентация ұсынды (қоса беріліп отыр). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ өкілдері қатысты.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 17 беті

**ШЕШІМ:**

3.1 Медициналық ЖОО мен факультеттерге 2019 жылы қабылдауға дайындығы туралы ақпарат назарға алынсын.

3.2 ЖОО-ларға резидентураға қабылдау қағидаларына толықтыру енгізу ұсынылсын, оған сәйкес үміткерлер балдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда резидентураға түсу кезінде 1 және одан да көп жыл жұмыс өтілі бар адамдардың басым құқығы бар.

4-сұрақ.

Медициналық ЖОО-лардың МЖМБС-2019 енгізу туралы ақпараты.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Семей медицина университеті» КЕАҚ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жанаспаев М.А. медициналық жоғары оқу орындарының МЖМБС – 2019 енгізу туралы ақпарат берді. Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ, «ҚазҰББУ» АҚ өкілдері қатысты.

**ШЕШІМ:**

Медициналық жоғары оқу орындарының МЖМБС – 2019 енгізуі туралы ақпарат назарға алынсын.

5-сұрақ.

Денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Астана медицина университеті» КЕАҚ оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жақсылықова Г.А. презентация ұсынды (қоса беріліп отыр). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «СМУ» КЕАҚ, «ҚМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ, «ҚазҰББУ» АҚ өкілдері қатысты.

АББ бойынша ұлттық сарапшы Исина А.М. барлық деңгейдегі денсаулық сақтау менеджерлерінің, Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасының «Ауруларды басқару бағдарламасы созылмалы инфекциялық емес аурулардың ауыртпалығын төмендетудің тиімді тәсілі ретінде» жобасын ұсынды.

**ШЕШІМ:**


5.1 РББ 005 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бойынша оқу бағдарламалары мақұлданды.

5.2 Барлық деңгейдегі денсаулық сақтау менеджерлері, Қоғамдық денсаулық сақтау мамандары үшін «Ауруларды басқару бағдарламасы созылмалы инфекциялық емес аурулардың ауыртпалығын төмендетудің тиімді тәсілі ретінде» біліктілікті арттыру бағдарламасы мақұлданды.

6-сұрақ.

Медициналық ЖОО оқытушыларының құзыреттіліктерін қалыптастыру.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп
		Редакция: 1 19 беттің 18 беті

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ білім беру технологиялары трансфері орталығының директоры Мұратова А.З. презентация ұсынды (қоса беріліп отыр). Талқылауға «ҰМУ» АҚ, «АМУ» КЕАҚ, «СМУ» КЕАҚ, «БҚМУ» КЕАҚ, «ҚазҰББУ» АҚ өкілдері қатысты.

**ШЕШІМ:**

Медициналық жоғары оқу орындары оқытушыларының құзыреттерін қалыптастыру туралы «ҚМУ» КЕАҚ ақпараты назарға алынсын.

**7-сұрақ.**

Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрамына өзгерістер енгізу.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ атқарушы директоры Алтынбеков С.А. ЖОО-лардың заңды мәртебесі мен құрылымының өзгеруіне байланысты жаңа редакциядағы Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрамын таныстырды.

**ШЕШІМ:**

Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрамындағы өзгерістер мақұлданып және бекітілсін (1, 2 және 3 – қосымшалар).

**8-сұрақ.**

Қазақстандағы «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы және академиялық бакалавриат студенттерінің клиникалық практикасы бойынша нұсқаулықты талқылау және мақұлдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО медициналық білім беруді дамыту бөлімінің бастығы Байғожина З.А. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы және академиялық бакалавриат студенттерінің клиникалық практикасы бойынша нұсқаулық жобасын ұсынды. Нұсқаулық жобасының оң пікірлері бар (қоса беріледі).

**ШЕШІМ:**

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы және академиялық бакалавриат студенттерінің клиникалық практикасы жөніндегі нұсқаулық мақұлданып.


**9-сұрақ.**

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша академиялық және қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын іске асыру үшін менторларды дайындау бойынша оқу бағдарламасын талқылау және мақұлдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО медициналық білім беруді дамыту бөлімінің бастығы Байғожина З.А. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша академиялық және қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын іске асыру үшін менторларды даярлаудың оқу бағдарламасының жобасын ұсынды. Оқу бағдарламасының жобасы оң рецензияларға ие (қоса беріледі).



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Есеп

**ШЕШІМ:**

«Мейіргер ісі» мамандығы бойынша академиялық және қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасын іске асыру үшін менторларды даярлау жөніндегі оқу бағдарламасы мақұлданды.

ҚР БҒМ РОӘК-нің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын сұрауына байланысты қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында жоспарланған іс-шаралар ОӘБ-нің 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына ауыстырылды.

**Денсаулық сақтау – дайындау  
бағыты бойынша ОӘБ  
төрағасы**



**Нургожин Т.С.**

**ОӘБ әдіскері**

**Мукашева Г.Б.**